МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

●№20 (10 326) ●29 мамыр ● жұма ●2026 жыл ●aksuoniri@mail.ru

# РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИН ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ










Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманды елорда әуежайында қарсы алды.

Еліміздің шекарасына енген сәттен Астана әуежайына қонғанға дейін Ресей Президентінің бортына Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің ұшақтары қапталдаса ұшты.

Ұшақ трапының алдында Құрмет қарауылы ротасы сап түзеді.

Владимир Путин мен ресми делегация мүшелеріне екі елдің жалаушаларын ұстаған балалар, Махамбет Өтемісов атындағы Оқушылар сарайының барабаншылары қошемет көрсетті.

Одан кейін Қазақстан мен Ресей туларын желбіреткен тікұшақтар алаң үстімен ұшып өтті.

Әуежай терминалында әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының домбырашылар ансамблі және сырнайшы, халықаралық конкурстардың лауреаты Радмир Хайбуллин Ресей мемлекеті басшысының құрметіне Құрманғазы күйлері мен орыс халық әуендерінен попурри орындады.

# ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖИ ЕНГІЗУ: ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ЖҰМЫСЫНА НАЗАР АУДАРДЫ



Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 12 мамыр күні қол қойылған Жарлығы шеңберінде орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект енгізу мәселесі қаралды.

«Бұл – өте маңызды құжат. Президенттің барлық тапсырмасын уақтылы әрі сапалы орындау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жұлдыз Сүлейменова Мемлекет басшысының білім беру процесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Министрлік тиісті жұмыстар бастағанын баяндады.

**Бірінші.** 2026 – 2029 жылдарға арналған орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын енгізу жөніндегі кешенді жоспардың жобасы әзірленді. Құжат белгіленген тәртіппен Үкіметке енгізіледі.

Кешенді жоспарда мектептердің цифрлық және инфрақұрылымдық дайындығын дамыту; педагог кадрларды даярлау; білім беру процесінде AI-шешімдерді қолдану көзделген.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп пилоттық жобаға қатысуға дайын 500 мектептің тізімі қалыптастырылды, оның ішінде 250 шағын жинақты мектеп; 150 жалпы білім беретін мектеп; 100 «Келешек мектептері».

Қазіргі таңда мектептердің цифрлық инфрақұрылымына, жоғары жылдамдықты интернет сапасына, компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуіне, кадрлық әлеуетке және білім беру ұйымдарының AI-шешімдерді енгізуге дайындығына талдау жүргізілді.

**Екінші.** Педагогтерді даярлау. Бүгінде 350 мыңнан астам педагог оқу процесінде жасанды интеллектіні тиімді қолдану бойынша арнайы оқытудан өтті. Сонымен қатар OpenAI компаниясының GPT-edu платформасын пайдалану үшін 100 мың педагогқа лицензия берілді. Қазіргі таңда мұғалімдер жасанды интеллектіні оқу процесінде белсенді қолданып, оқу контентін бейімдеп тиімді пайдалануда.

Қосымша ретінде, жазғы кезеңде пилоттық мектептердің педагогтерін цифрлық педагогика, заманауи оқыту әдістемелері және білім беру процесінде AI-құралдарын практикалық тұрғыда қолдану бағыттары бойынша кезең-кезеңімен оқыту жоспарлануда. Бұл бастамалар педагогтердің цифрлық құзыреттерін арттыруға, оқыту сапасын жетілдіруге және білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

**Үшінші.** Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес мүшесі Кай-Фуд Лидың ұсынымдарын ескере отырып, білім беру процесіне AI-шешімдерді енгізу бойынша жеке жобаны іске асыру жоспарлануда.

***I кезең*** (2026 жылғы 1 қыркүйек – 26 қазан):

• қазақ және орыс тілдерінде оқытатын 10 шағын жинақты пилоттық мектепте жобаны іске қосу;

• пилоттық өңірлер ретінде Қызылорда және Павлодар облыстары айқындалды;

• апробация 4 - сыныптарда «Ана тілі», «Математика», «Цифрлық сауаттылық» және «Жасанды интеллект» пәндері бойынша жүргізіледі.

***II кезең*** (2026 жылғы 3 қараша – 23 желтоқсан): пилотты 50 мектепке дейін кеңейту.

***III кезең*** (2027 жылғы 8 қаңтар – 24 мамыр): қосымша тағы 300 мектепті қамту.

**Төртінші.** Сонымен бірге, дербестендірілген оқытуды, бейімделген тапсырмаларды әзірлеуді, білім нәтижелерін нақты уақыт режимінде талдауды және білім алушылардың оқу олқылықтарын уақтылы анықтауды қамтамасыз ететін ұлттық AI-білім беру платформасы енгізілетін болады.

Бесінші. Кешенді жоспардың жеке бөлімі цифрлық қауіпсіздік пен жасанды интеллектіні қауіпсіз қолдану мәселелеріне арналған.

Білім беруде жасанды интеллектіні қолдану стандарттарын, академиялық адалдық тетіктерін, балалардың дербес деректерін қорғауды, сондай-ақ цифрлық білім беру контентіне міндетті сараптама жүргізу жүйесін енгізу көзделуде.

***

Отырыс барысында балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше назар аударылды. Премьер - министр Оқу - ағарту, Ішкі істер және Ақпарат министрліктері балаларды интернет - алаяқтықтан, буллингтен, құқыққа қайшы контенттен және өзге де деструктивті әсерден қорғау бойынша профилактикалық жұмысты күшейтуі қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, Олжас Бектенов жазғы маусымда жаңа Конституцияны және ЖИ негіздерін практикалық тұрғыда зерделеуге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

«Балалармен және жасөспірімдермен тәрбие жұмысының маңызына ерекше көңіл бөлу керек. Жаз маусымында жаңа Конституция мен жасанды интеллект негіздерін білім беру жүйесінде оқытуға арналған барлық оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу жұмыстарын аяқтау қажет», — деп атап өтті Премьер-министр.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға бекітілді.

# "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН": ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА "ҚОЙТАС" ЭКОПАРКІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Жетісу облысында «Қойтас» экопаркінің құрылысы жүріп жатыр. Бұл бірегей нысанды салу барысында табиғи ландшафты толық сақталып, аумағына ағаштар отырғызылды, «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи паркі аумағындағы флора мен фаунаны бейнелейтін жанауарлар мүсіндері орнатылды. Еске салсақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Талдықорған және Текелі қалаларында тағы екі экопарк салынуда, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



2022 жылы құрылған парктің аумағын 6 гектардан 15-20 гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттама дайындалуда. Экопарк салу жұмыстары 2027 жылы толық аяқталады деп жоспарланған.

Қазіргі таңда кезең-кезеңімен абаттандырылып жатқан жасыл аймақ аудан тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналды.



Парктің кіреберісінде «Денсаулық» жағалауы салынды. Өзен бойымен оң және сол бағытта жалпы ұзындығы шамамен бір шақырым болатын жаяу жүргіншілер жолы төселген. Сондай-ақ, саябақ аумағы толық жарықтандырылған, келушілерге қолайлы болу үшін жаяу жүргінші жолы төселген, ал серуендеу аймағында орындықтар мен қоқысқа арналған урналар қойылды, бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Экопарк аумағында отбасылық демалыс үшін қолайлы жағдай жасалған. Мұнда футбол алаңы, скейтборд алаңы, воркаут аймағы, шағын теннис корты, сол сияқты екі балалар ойын алаңы бар. Сондай-ақ, ашық аспан астындағы кинотеатр, беседкалар мен субұрқақ орнатылған, оған қоса ұлттық аспаптар, жануарлар және ұлттық спорт түрлеріне байланысты түрлі 15 мүсін мен шағын сәулеттік нысандар қойылған.

Бұдан бөлек, саябақ пен Жоңғар Алатауы тауларының көрінісі ашылатын екі шолу алаңы жасалған, 400 орындық амфитеатр, серуендеу аллеясы бар. Шолу алаңының біреуін таулар аясындағы фотоаймақ ретінде де қолдануға болады. Мәдени көпшілік шараларөткізуге арналған ашық аспан астындағы сахна қойылған.

Сонымен қатар экопаркте қайық станасы, тыныш демалу аймағы, өзен жағасындағы шахмат ойын алаңы, жалаңаяқ серуендеуге арналған соқпақ, өздігінен демалатын орын қарастырылған.

Көгалдандыруға көп көңіл бөлінеді. Паркте көгілдір шырша, қарағай, туя секілді әртүрлі 1600-ден астам ағаш пен бұта отырғызылған, тамшылатып суару жүйесі бар. Атап өтсек, саябақта «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи паркі аумағында өсетін өсімдіктер отырғызу, сол жерде мекендейтін жануарлардың мүсіндерін орнату жұмыстары жалғасуда. Қазіргі таңда қар барысы мен арқардың мүсіндері қойылған. Сонымен қатар Сиверс алмасының көшеттерін отырғызу жоспарланып отыр.

Алдағы жоспарларда өзен жағалауы бойымен серуен аймағын салу, қайықпен серуендеуге мүмкіндік жасау, жаяу көзделген.

Сарқан қаласының тұрғыны Айзада Бекетқызы экопарктің туралы өз әсерімен бөлісті:

– Бала кезімізде осы үлкен ақ тастарды тамашалау үшін өзен жағасына серуендеуге келетінбіз. Ата-аналарымыз мұнда қонақтарды да ертіп келетін. Бұл тастарға қатысты көптеген аңыздар мен қызықты оқиғалар айтылатын. Олардың тарихы шамамен бір ғасырға жуық дейді. Қазір бұл жердің заман талабына сай абаттандырылып, сонымен қатар табиғи ерекшелігі мен ландшафтының сақталғаны қуантады. Осылайша ерекше, бірегей әрі әсем экопарк пайда болды. Бүгінде бұл – қаламыз тұрғындарының мақтанышына айналған орын, – деді ол.

Атап өтсек, «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында биыл Талдықорған және Текелі қалаларында тағы екі экопарк ашылады. Облыс орталығынан 3 шақырым жерде орналасқан, аумағы 38 гектарды құрайтын «Тасбақа» экопаркі қала тұрғындары мен қонақтарының бір күндік демалысына, сондай-ақ, демалыс күндерін пайдалы өткізуге қолайлы орын болмақ. Ал, аумағы 21 гектар болатын «Серкесай» экопаркі Текелі қаласының маңында орналасқан. Әсем табиғатымен танымал бұл орын белсенді және отбасылық демалысқа өте ыңғайлы.

Жетісу облысында жүзеге асырылып жатқан үш экопарк жобасы табиғи ландшафты сақтауға, жайлы орта қалыптастыруға, тұрғындар демалысының сапасын арттыруға бағытталған.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

***Фотötілшілер:***
***Жеңіс ЫСҚАБАЙ,***
***Дмитрий ЕРОФЕЕВ,***
***Олжас ҚҰРМАШЕВ,***
***Қанат БАЙДРАҚЫМОВ.***







# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА "BIKEN FEST" IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Бүгін Жетісу облысында «BIKEN FEST» IV Халықаралық театр фестивалі басталды. Фестивальға биыл Түркия, Грузия, Өзбекстан мемлекеттерінен және ел аймақтарынан 8 театр қатысып отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы академиялық драма театры ғимаратының алдында фестивальға қатысушы театрлардың шеруі ұйымдастырылды. Мұнан соң театр ғимаратының залында фестиваль күнделігінен естелік бейнежазба көрсетілді.

Салтанатты шараны құттықтау сөзімен ашқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов дәстүрлі театр мерекесінің Жетісу өңірінде осымен төртінші жыл қатарынан өткізіліп отырғанын айтты.



- Қадірлі қонақтар мен қатысушылар, жер жәннаты Жетісуға қош келдіңіздер! «BIKEN FEST» фестивалі алғаш рет 2023 жылы Қазақстанның Халық әртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, Жетісу өңірінің мәдени имиджін нығайтатын маңызды жобаға айналды. Осы 4 жыл ішінде бұл іс-шараға 6 мемлекеттен және еліміздің өңірлерінен барлығы 36 театр қатысты. Биыл да осы фестивальға арнайы шетелден және елімізден 8 театр келіп отыр. Барша театр ұжымдарын облыс әкімінің атынан құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін! Өнеріміз өркендей берсін! – деді ол.

Мұнан соң көрермендерге Д.Рақышев атындағы облыстық филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрінің концерті ұсынылды.

Театр фестивалі туралы қазылар алқасының төрағасы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жұасбек пікірін білдірді:

- Елімізде өтетін осындай оншақты театр фестивалі бар. Олардың бәрі де қазақ сахна өнерінің өсіп-жетілуіне септігін тигізіп жатыр. Соның бірі үзілмей жыл сайын Жетісу жерінде өткізіліп отырғаны бізді қуантады. Бұл тек кәсіби сахнагерлерге ғана емес, көрермендер үшін де қызық шара деп ойлаймын. Себебі кез келген көрерменнің Түркияға, Грузияға барып, спектакль көріп қайтуға мүмкіндігі бола бермейді. Оған қоса ұлттық өнерді дамыту деген бір шеңберде қалу емес, ол мәдени алмасулар, рухани байланыстар арқылы толыға түседі, тәжірибе алмасу арқылы өсіп-жетіліп отырады, - деді ол.

Сол сияқты Грузияның Батуми қаласынан келген театр ұжымының өкілдері де ой қосты.

- Біз Қазақстанға тұңғыш рет келіп отырмыз. Ертең «Джазда тек қана қыздар» атты музыкалық қойлымын сахналаймыз. Жалпы театр ұжымынан 40-тан астам, соның ішінде 19 актер келдік. Бір атап өтерлігі, ертең 26 мамыр Грузияның тәуелсіздік күні мерекесі. Соған орай ертең жетісулық көрерменге өнер көрсетеміз, яғни ертең біз үшін мерекелік қуаныш еселене түседі, - деді И.Чавчавадзе атындағы Батуми мемлекеттік драма театрының актері Леван Тедорадзе.

Атап өтсек, «BIKEN FEST» IV Халықаралық театр фестивалі 29 мамырға дейін жалғасады. Бес күн бойы театр сахнасында Түркияның Painted bird театры, Өзбекстанның Қашқадария облыстық музыкалық драма театры, Грузияның И.Чавчавадзе атындағы Батуми мемлекеттік драма театры, Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры, Жастар театры, Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры, Түркістан музыкалық драма театры, Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры өнер көрсетеді.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

***Фотötілші:***
***Жұмабай МҰСАБЕКОВ.***

ТУРИЗМ

# Тау туризмін дамыту: Жетісуда "Shagan Fest 2026" ауқымды спорттық - экологиялық фестивалі өтті




Жетісу облысында Шаған тауының етегінде таулы туризмді дамытуға бағытталған «Shagan Fest 2026» ірі спорттық - экологиялық фестивалі ұйымдастырылды. Фестиваль аясында белсенді демалысты ұнататын қауым мен спортшылар 2551 метр биіктікке жаппай көтерілді. Іс-шараны облыстық туризм басқармасы мен «Visit Zhetysu» туристік-ақпараттық орталығы ұйымдастырды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шыңға көтерілу басталар алдында қатысушыларды Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтады:

– Облыс әкімінің атынан «Shagan Fest» фестивалінің барлық қатысушыларына қош келдіңіздер деймін! Жетісу өңірінде үшінші жыл қатарынан өткізіліп отырған бұл фестиваль тау және экологиялық туризм мәдениетін дамытуға, адамның табиғатпен байланысын нығайтуға әрі салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Бағыт ұзақ болғанымен, маршрут тәжірибелі спортшыларға да, балалы отбасыларға да қолайлы. Осындай шараларға бірге қатысу ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтады. Сондықтан бұл – жай ғана табиғат аясындағы белсенді демалыс емес, бірлік пен достықтың символы. Баршаңызға жаңа белестерді бағындыруда сәттілік тілеймін! Туған жеріміздің әсем табиғатын тамашалап, оны аялай білейік және еліміздің нағыз патриоттары болайық! – деді ол.

Фестиваль қатысушылары Көксу ауданының Ақтекше ауылы маңындағы теңіз деңгейінен 2551 метр биіктікте орналасқан Шаған шыңына жол тартты. Шыңға апаратын бағыт өңірдегі ең көркем треккинг маршруттарының бірі саналады. Жалпы ұзындығы шамамен 13 шақырым. Қашықтығына қарамастан, бұл бағыт салыстырмалы түрде жеңіл, сондықтан оны тек тәжірибелі туристер ғана емес, белсенді демалысты ұнататын балалар мен аға буын өкілдері де бағындыра алады.

Таудың таңғы таза ауасы, көкжиекке созылған жоталар мен биіктеген сайын ашылатын панорамалық әсем көріністер қатысушыларға ерекше еркіндік пен рухани серпіліс берді. Ал мәреге жетіп, шың басына көтерілген барлық қатысушыларға арнайы медаль табысталды. Сонымен қатар ашық аспан астында караоке алаңы мен арнайы фотозоналар жұмыс істеді.

Фестивальге қатысушылар өз әсерлерін жеткізді. Солардың бірі – Ескелді ауданынан келген спорт ардагері, «Temiradam» атағының бес дүркін иегері Бақытжан Бектенов:

– Бұл – нағыз тау туризмінің мерекесі әрі салауатты өмір салтын насихаттаудың жарқын үлгісі. Белсенді болыңыздар, тауға шығып, денсаулықтарыңызды нығайтыңыздар, қасиетті Жетісу жерінің табиғатын аялаңыздар. Кез келген шыңды бағындырудың өзіндік мәні бар: бүгінгі көтерілу әр адамды жаңа өмірлік белестерге бастайды, – деді Бақытжан Байтайұлы.

Шаған шыңына алғаш рет көтерілген талдықорғандық Ирина Аксенова фестивальге қатысу өзі үшін үлкен жаңалық болғанын айтты.

– Біз құрбыларымызбен бірге фитнес-студияда жаттығамыз. Сол жерде бізге осы тауға көтерілуге қатысу туралы ұсыныс айтылды. Әрине, бірден келістік – бұл біз үшін өте қызықты әрі ерекше тәжірибе. Ұйымдастырушылар қатысушыларға қауіпсіздік шаралары мен таулы аймақта өзін ұстау ережелерін түсіндіріп, арнайы нұсқаулық өткізді. Фестивальге қатысып, шыңды бағындырғаннан алған әсеріміз ерекше, – деді ол.

Оның пікірін Талдықорған жоғары политехникалық колледжінің оқытушысы Андрей Герман да қолдайды:

– Бұл жерге екінші рет көтеріліп отырмын. Алғаш рет мұнда үш жыл бұрын келгенмін. Бұған дейін Алматы марафонына қатысып, 10 шақырым жүгіріп өттім. Мұның бәрі денсаулық пен жақсы көңіл-күйге пайдалы. Фестивальдің атмосфера да ерекше. Бүгін бұл шараға бауырым, әпкем, достарым бәріміз бірге қатыстық. Өзімнің таныс адамдарды кездестіргеніме өте қуаныштымын, – деді ол.

Сонымен қатар фестивальге туристік ұйымдар мен клубтардың өкілдері де белсенді қатысты. Атап айтқанда, «Истоки» туристік клубы мен «Жоңғария» турис-тер клубының 50 - ден астам тәрбиеленушісі шараға атсалысты.

Фестивальдің соңында «Жетісу жастары» КММ директорының міндетін атқарушы Арнай Байжұрынов бастаған волонтерлер мен экобелсенділер кездесуі өтті.

– Бүгін біз ерекше миссия атқарып, фестиваль аяқталғаннан соң волонтерлермен бірге экологиялық акция өткізіп, аумақтағы қоқысты жинап, сыртқа шығарамыз. Осындай іс - шаралардан кейін табиғаттың таза күйінде сақталуы өте маңызды. Біз таза экологияны қолдаймыз! – деді Арнай Рақымберліұлы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Shagan Fest 2026» фестивалі Жетісудың табиғи мұрасын насихаттап, ішкі туризмді дамытуға бағытталған маңызды жоба ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді. Сонымен қатар фестиваль белсенді демалыс әуесқойларын біріктіріп қана қоймай, табиғатқа жанашырлықпен қарау мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір салтын дәріптеуге де үлес қосты.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

***СУРЕТТІ ТҮСІРГЕНДЕР: Карина ЗАКРИЕВА, Қанат ӨМІРӘЛИНОВ, Абай СҰРАҚБАЕВ.***

# АҚСУ ТОПЫРАҒЫНДА ӨНЕР МЕРЕКЕСІ ӨТТІ: "HALYK ӘУЕНІ" АЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ КЕШ КӨРЕРМЕН ЖҮРЕГІН ТЕРБЕТТІ




2026 жылдың 22 мамырында Жетісу облысы, Ақсу ауданының мәдени өмірінде айырықша маңызға ие тағылымды кеш өтті. Жансүгіров ауылындағы «Молықбай Байсақұлы» атындағы аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Halyk Әуені» концерттік - гастрольдік туры аясындағы өнер кеші аудан тұрғындарына ерекше рухани серпіліс сыйлап, ұлттық мәдениет пен классикалық өнердің жарасымды үндестігін паш етті.

Бұл кеш – тек концерт қана емес, өнер арқылы адам жанын байытатын, рухани құндылықтарды жаңғыртатын тағылымды мәдени кездесу болды. Кеш шымылдығы ашылған сәттен бастап көрермен қауым ерекше әсерге бөленіп, сахна төрінде орындалған әрбір шығарма жүректерге жол тапты.

Өнер сүйер қауымға жоғары деңгейдегі концерттік бағдарламасын ұсынған – еліміздің мәдениет саласындағы таңдаулы ұжымдар мен танымал өнер иелері. Атап айтқанда, Қазақстанның халық әртісі, белгілі скрипкашы Гаухар Мырзабекова жетекшілік ететін «Қазақстан Камератасы» мемлекеттік классикалық музыка ансамблі мен Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының талантты әртістері Ақсу жерінің көрермендерімен жүздесті.

Кеш барысында театр өнерпаздары Нұржан Бажекенов, Айдос Жабағын, Нұрғалым Аманбай, Алихан Бейсеков, Шыңғыс Нұрғалиұлы, Диляра Дүйсебекова, Азиза Әбдрейм, Айдана Сатыбаева және Бекзат Әбітов өз өнерлерін ортаға салып, кәсіби шеберліктерімен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Олардың орындауындағы опералық ариялар, вокалдық шығармалар мен халық әндері көрермен көңілін тербеп, өнердің құдіретін терең сезіндірді.

Сахна төрінде ұлттық өнер мен әлемдік классика әсем үйлесім тауып, күй мен симфония, халық әні мен опералық туындылар бір арнада тоғысты. Әсіресе, қазақтың төл өнері мен әлемдік музыка жауһарларының қатар орындалуы кештің мазмұнын байытып, рухани маңызын арттыра түсті. Музыкалық шығармалардың нәзік иірімдері мен орындаушылардың шынайы эмоциясы көрермен жүрегінен орын алып, мәдени кештің әсерін еселей түсті.

Кешке аудан әкімдігі өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, жастар мен ауыл тұрғындары қатысып, өнер мерекесінің куәсі болды. Көрермендер концерттік бағдарламаны зор ықыласпен қабылдап, әрбір өнер иесіне ыстық қошемет көрсетіп отырды. Зал ішіндегі ерекше атмосфера мен көрерменнің шынайы ықыласы өнерпаздарға шабыт сыйлап, кештің ажарын аша түсті.

Мұндай мәдени шаралардың ауыл тұрғындарының рухани өмірін байытудағы маңызы ерекше. Өңірлерге кәсіби өнер ұжымдарының келуі — ұлттық мәдениетті дәріптеп қана қоймай, халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, жас буынның өнерге деген сүйіспеншілігін арттыруға зор мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бастама мәдени байланыстарды нығайтып, ел ішіндегі рухани тұтастықты күшейте түседі.

Кеш соңында Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақышұлы сөз сөйлеп, аудан жұртшылығы атынан өнер иелеріне шынайы алғысын білдірді. Ол осындай тағылымды мәдени жобалардың ел руханиятын дамытудағы маңызын атап өтіп, өнер ұжымдарына ауданның құрметін көрсетті.

«Halyk Әуені» аясындағы бұл кеш Ақсу жұртшылығының жадында ұзақ сақталары сөзсіз. Өнер мен руханият үндескен әсерлі кеш көрермен көңіліне қуаныш сыйлап қана қоймай, ұлттық мәдениетке деген құрмет пен сүйіспеншілікті одан әрі арттыра түсті.

**Ербол СЫМХАНОВ.**

# АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

**«Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-3 тармағына. Қазақстан Республикасының «Ардагерлер туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысына сәйкес, Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 19-85 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 190304 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Ақсу ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы** **Аты-жөні**

# РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

**«Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района»**

В соответствии с подпунктами 2–3 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан «О ветеранах», а также постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 523 «Об утверждении Типовых правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Аксуский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившими силу решение Аксуского районного маслихата от 13 декабря 2023 года № 19- 85 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 190304).

2. Утвердить Правила оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Аксуского района, согласно приложению к настоящему решению.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Должность** **Ф.И.О.**

# ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАУҺАРЫ – "ҚҰЛАГЕР" ПОЭМАСЫНА 90 ЖЫЛ!


ILIJAS ÇANSYGIROV
POEMA
QULA-GER
VIII. Baluvan bәjge


ILIJAS ÇANSYGIRIP
POEMA
QULA-GER
IX. KYRES

Қазақ әдебиетінің аспанында шоқжұлдыздай жарқыраған ақын, «құлагерлік» рухтың жыршысы Ілияс Жансүгіровтің шоқтығы биік туындысы – «Құлагер» поэмасына биыл тура 90 жыл толып отыр.

1936 жылы алғаш рет оқырманға жол тартқан бұл туынды қазақ поэзиясының алтын қорына қосылып, сол уақыттан бері талай ұрпақтың рухани азығына айналды. Поэмадағы Құлагердің тағдыры – тек бір сәйгүліктің өлімі емес, ол еркіндікке ұмтылған, талантымен ортасынан озып шыққан тұлғаның қасіретті тағдыры, халықтың басына түскен ауыр кезеңнің символдық бейнесі. Ілияс осы шығармасы арқылы қазақтың кең даласындағы асқақ арман мен ащы шындықты шебер ұштастыра білді.

Алайда, «Құлагер» поэмасының тағдыры оның авторы Ілияс Жансүгіровтің қасіретті өмірімен тығыз байланысты өрілді. Шығарма жарық көргеннен кейін небәрі бір жыл өткенде, 1937 жылдың қанды шеңгелі ақынды өз құшағына алды. «Халық жауы» деген жалған жаламен ақын тұтқындалып, оның артында қалған асыл мұраларына қатаң тыйым салынды. Сол заманның солақай саясаты тек ақынның көзін жоюды ғана емес, оның ой-толғамынан туған «Құлагердей» жауһар дүниені де тарих бетінен өшіріп тастауды көздеді. Поэма басылған газеттер тәркіленіп, өртеліп, кітапхана сөрелерінен аластатылды. Сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің «Құлагер» жарияланған сандары арнайы бұйрықпен жойылып жіберілді. Бұл – қазақ руханиятына жасалған үлкен қастандық еді, себебі Құлагердің басына тиген балта ақынның да, оның туындысының да тағдырын шауып түспек болды.

Бүгінгі күні біздің музейіміздің төрінде осы қасиетті туындының алғашқы нұсқасы – 1936 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде латын әліпбиімен басылып шыққан түпнұсқа қиындыларының сақталуы біз үшін үлкен мақтаныш әрі зор жауапкершілік. Бұл сарғайған газет беттері – тарихтың тірі куәгері, ақынның қалам тербеген алғашқы лебі мен сол кезеңнің тынысын жеткізуші баға жетпес құнды жәдігер. Көптеген данасы жойылып, күлге айналған заманда осы газет қиындыларының бізге аман жетуі – нағыз ерлік пен кездейсоқ кереметтің жемісі. Бұл жәдігерлер ақынның жары Фатима Ғабитованың және өзге де жанашыр жандардың жанкештілігімен сақталып қалған жәдігерлердің бірі болып табылады. Оқырман назарына ұсынылған сол алғашқы жолдар бүгінде музей залында жәдігер болып қана тұрған жоқ, ол Алаштың ардақты ұлының соңғы аманатындай, келер ұрпаққа жеткен рухани көпір іспетті.

«Құлагердің» 90 жылдық белесі – ұлттық мәдениетіміздің толысқан шағын білдіреді. Поэманың әр шумағындағы ұлттық нақыш, ат баптау өнері мен сал-серілер дәуірінің суреттелуі оны әлемдік деңгейдегі классикалық туындылар қатарына қосады. Музей қорындағы латын қарпіндегі түпнұсқа жәдігерлер бізді сол бір алмағайып заманға жетелеп, Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық зертханасына үңілуге мүмкіндік береді. Бұл құнды қолжазбалар мен газет қиындылары – ұлтымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдер мен жарқын сәттердің шынайы бейнесі. Біз, музей қызметкерлері, осындай қазынаны көздің қарашығындай сақтай отырып, ақын рухы мен оның мәңгілік «Құлагерін» келешек ұрпақтың санасына сіңіруді қасиетті борышымыз деп санаймыз. Құлагердің тұяқ дүбірі мен Ілиястың отты жырлары уақыт сынынан өтіп, ғасырлар бойы қазақ аспанында жаңғыра бермек. Бүгінгі таңда музей экспозициясындағы бұл газет қиындылары әрбір келушіге ақынның өлмес рухы мен шығарманың өміршеңдігін паш етіп тұр.

Егер де осы ерекше жәдігерді өз көздеріңізбен тамашалап, Құлагердің тұяқ дүбірі мен Ілияс Жансүгіровтің отты жырларымен рухани жақындасқыңыз келсе, музейге келіп, қазақ әдебиетінің осы бір баға жетпес қазынасымен танысуға шақырамыз. Бұл жәдігер - өткен мен бүгіннің, арман мен шындықтың тоғысуын баяндайтын тірі тарих. Музей залында Сіздерді күтетін бұл жәдігерлер – ақынның мәңгілік рухының және «Құлагердің» өміршеңдігінің айқын көрінісі.

**А.ҚҰМАРОВА,**
**Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі.**

# САҒАБҮЙЕННЕН САМҒАҒАН ТАЛАНТ




Қазақтың кең даласында ғасырлар бойы үзілмей жеткен домбыраның үнінде бабаның аманаты, елдің рухы, көшпелі жұрттың мұңы мен қуанышы, тағдыры мен тарихы қатар өріліп жатады. Қасиетті қара домбыраның қос ішегінен төгілген күй жан тербетіп, ұлттық болмыстың алтын арқауына айналды. Бүгінгі ұрпақ сол асыл мұраны қайта жаңғыртып, өнердің өрісін кеңейтіп келе жатқаны көңіл қуантады.

Жетісу өңірінде соңғы жылдары дәстүрлі өнердің қайта түлеп, тың серпін алғаны анық аңғарылады. Әсіресе, ауыл-аймақтардан шыққан жас таланттардың республикалық, халықаралық байқауларда топ жарып, ел мерейін үстем етуі, ұлттық өнердің тамыры әлі де тереңде жатқанын көрсетеді. Осындай үміт күттірер өрендердің бірі – Ақсу ауданына қарасты Сағабүйен балалар саз мектебінің оқушысы Айтқұрман Еркеғали.

Жас домбырашы аталған өнер мектебінде домбыра сыныбы бойынша Айгүл Айсаринадан тәлім алды. Өнер жанашыры Азамат Аитов жетекшілік ететін мектептен түлеп ұшқан талапты өрен аз уақыт ішінде өзінің қарым-қабілетін дәлелдеп үлгерді.

Биыл облыста өткен VII халықаралық «Жас шеберлер» байқауында Айтқали Жайымовтың «Шалқыма» күйін орындап, II орын иегері атанды. Талдықорған қаласында Дәнеш Рақышевтың 100 жылдығына арналған республикалық «Қанабек Байсейітов атындағы IV кәсіби шеберлік» байқауында да жүлделі II орынды иеленді. Аталған додаға еліміздің әр аймағынан кәсіби музыка мектептері, колледждер мен жоғары оқу орындарының дарынды білімгерлері қатысқанын ескерсек, бұл жетістіктің салмағы тіптен арта түседі.

Қазір Жетісу жерінде ұлттық өнерге деген махаббат қайта күшейіп келеді. Өткен жылы облыстық мәдениет және білім басқармаларының қолдауымен өңірге кеңінен танымал өнер майталмандары «Ұлттық өнерді ұлықтайық» атты жоба аясында ауқымды жұмыстар атқарды. Облыстың сегіз ауданы мен екі қаласында көшпелі семинарлар өткізіліп, ел ішіндегі өнерлі жастарға бағыт-бағдар берілді.

Бұл игі бастаманың басында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облыстық филиалының төрағасы, ақын Жангелді Немеребай, жыршы-термеші, ұстаз Ләззат Жанаманова сынды руханият жанашырлары жүрді. Нәтижесінде ауылдардан шыққан талай өнерпаз үлкен сахнаға жолдама алып, халыққа танылды.

Музыка саласындағы осындай тың бастамалардың жүзеге асуына Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі композитор, М.Төлебаев атындағы ұлт аспаптар оркестрінің бас дирижері Әли Алпысбаевтың, Қанабек Байсейітов атындағы Талдықорған саз колледжінің директоры Мергүл Тұрысбек және аталған оқу орнының аға оқытушысы, күйші-домбырашы Болат Дүзкеевтің сіңірген еңбегі атап өтуге лайықты.

Сағабүйен топырағы күй өнеріне кенде емес. Бұл жерден қазақтың күйшілік өнеріне өлшеусіз үлес қосқан саңлақ күйші Рахым Тәжібаев шыққан. Биыл күйші мұрасының 80 жылдығы аталып өтпек. Сол өнерлі ауылдың топырағынан түлеген Айтқұрман Еркеғали сынды жастардың жетістігі – дәстүр сабақтастығының үзілмегенінің айғағы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық өнерді қолдау бағытында қолға алынған бастамалардың маңызын үнемі айтып келеді. Соның ішінде төл өнердің қадірін арттыруға арналған «Асыл мұра» ұлттық сыйлығы талантты жастарға жаңа мүмкіндік беретіні сөзсіз. Бәлкім, ертең сол мәртебелі марапатты Жетісудың осындай өрендері иеленіп жатса, оған еш таңғалуға болмас.

**Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ.**

# "BOOK DAY: ШАБЫТ ПЕН БІЛІМ МЕКЕНІ"

Ұлттық кітап күніне орай Қапал ауылдық кітапханасында «Book Day: шабыт пен білім мекені» атты ашық есік күні ұйымдастырылды.

Ұлттық кітап күнінің мақсаты – қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту, рухани құндылықтарды дәріптеу. Бұл күні кітапханаларда түрлі әдеби кештер, көрмелер, кітап жәрмеңкелері ұйымдастырылып, оқырмандарға ерекше рухани әсер сыйлайды.

Бүгінгі таңда технология дамып, ақпараттық құралдар көбейсе де, кітаптың маңызы кеміген жоқ. Қағазға басылған парақтың иісі, әр сөйлемнің астарында жатқан ой тереңдігі – тек кітаптан ғана табылады.

Ұлттық кітап күні – барша оқырман үшін ерекше күн. Бұл күн кітапты сүйетін, рухани дамуға ұмтылатын әрбір жанды біріктіретін, сәуіпой мен сөздің, білім мен парасаттың мерекесі.

Мереке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үшінші Ұлттық құрылтайдың негізгі сессиясында берген тапсырмасы бойынша енгізілді. Президент «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деп атап өткен болатын.

2024 жылғы 29 маусымда Үкімет Қаулысымен «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесіне» толықтыру енгізілді. Қаулы 2024 жылғы 16 шілдеден бастап қолданысқа енді. Осылайша, 2025 жылғы 23 сәуір — Қазақстанда Ұлттық кітап күні алғаш рет ресми түрде аталып өтті.

2026 жылдан бастап бұл күн Кітапханашылардың кәсіби мерекесімен (бұрынғы күні өзгертілген) бірге атап өтіледі.

Қазақстанда 23 сәуір – Ұлттық кітап күні болып бекітілген. Бұл мереке Мемлекет басшысының бастамасымен қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру, кітапқа деген қызығушылықты арттыру және кітапханашылар еңбегін құрметтеу мақсатында атап өтіледі. Күннің негізгі мақсаты – рухани құндылықтарды жаңғырту.



**Гүлшат САДУАҚАСОВА,**
**Қапал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

# "ТҮЙМЕБАСТАН" ТАНЫҒАН ОҚЫРМАНЫҢ, ЖЫЛЫНДЫ "ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЫЛУЫНА"







Ақсу даласының самалындай жылы, туған жердің топырағындай қасиетті бір кеш өтті. Бұл – жерлес ақын Ербол Оразбековтың елу жасқа толуына орай ұйымдастырылған «Туған жердің жылуы» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі еді. Аудан жұртшылығы үшін ғана емес, руханиятты қадір тұтқан барша қауым үшін маңызы зор бұл тағылымды шара Ақсу ауданындағы «Молықбай Байсақұлы» атындағы мәдениет үйінде айрықша сән - салтанатымен өтті.

Кештің шымылдығы мәдениет үйі жанынан құрылған «Ақсу халық театры» әртістерінің әсерлі қойылымымен түрілді. Сахнада ақынның өмір жолы көркем тілмен, шынайы сезіммен өріліп, көрермен жүрегіне жол тапты. Балалық шағы, жастық жалын, шығармашылық ізденіс – барлығы бір арнаға тоғысып, ақын болмысының тереңдігін танытты. Бұл қойылым тек өмірбаян емес, рухтың, тағдырдың, туған жерге деген махаббаттың көрінісі болды.

Салтанатты жиынға еліміздің әр өңірінен арнайы атбасын бұрған құрметті қонақтар жиналды. Ауданымыздың «Құрметті азаматтары» Оралбек Жақиянов, Қалимолда Байболұлы, «Нақ бірлік» қорының төрағасы Мақсұт Қалажанов, Мейірман аға, «Мәңгілік ел» монументін жасаған жерлесіміз Естай Даубаев, Сабыр Қадырұлы секілді ел ағалары мен сөз өнерінің өкілдері ақ тілектерін арнады. Астанадан келген Салтанат Дәулетқанқызы, Атыраудан жеткен Гүлмайдан Сүндетіова, Өскеменнен Ақтілік Азатбекұлы, Достықтан ақын Жайлаубай Тұрсынұлы, Алматыдан Қайрат Бестібаев, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Жанкелді Немеребай сынды ақындар жырдан шашу шашып, кештің рухын асқақтатты.

Мысалы: Қайрат ақын өлеңін өз тағдырымен ұштастыра келіп, Ерболға:

Сені тосып тұрмайды уақыт бірақ,
Өте шығар бұл өмір бес күн сынақ.
Өткен елу жасыма қарап тұрсам,
Менен гөрі екенсің бақыттырақ.
Тасқа сенің қашалған атың қалды,
Түймебасқа арналған хатың қалды.
Оза шауып бәйгеден шаң қаптырдың,

Күн мен түні ауысқан ақындары – деп Ерекеңнің ақындығын жоғары бағаласа, Жаңгелді Немеребай ақынды Жазушылар одағына қабылдайтынын жеткізді. Қазақтың екінші Ақын Сарасы атанған Гүлмайдан Сүндетова інісін Ақсудың ақ береніне теңеп:

Жақсыны қалай көңіл жат көреді,
Жаратқан ондай жанға бақ береді.
Ерболжан кешің мынау құтты болсын,
Ақсудың қында жатпас ақбергені... дей келе,
Өлеңді серік қылып ғұмырыңа,
Бойладың жырдың кәусар тұнығына.
«Түймебастан» таныған оқырманың,
Жылынды «Туған жердің жылуына» - деп, бүгінгі шараның қасиетін ашқандай болды.

Бұл жолдардың астарына үңілсек, бір кезеңде «Матай Бөрібай» қорының төрағасы Қасымов Берікбол ағамыздың жанында жүріп, игілікті істерге белсене араласқанын аңғарамыз. Атап айтқанда, Бөрібай батыр ескерткішінен бастап, тау баурайында бой көтерген жүйрік «Түймебас» тұлпардың ескерткішін тұрғызуға да өзіндік үлес қосқан.

Сол сәйгүлік «Түймебас» жайлы толғанып, поэма жазып, ақынның








алғашқы кітабы да дәл осы атаумен жарық көрді. Кейін ескерткіш түбіне орнатылған белгітасқа сол поэмадан алынған бір шумақ қашалып жазылып, оның астына «Ербол Оразбеков» деген есім мәңгілікке бедерленді.

Өн әлемінің өкілдері де бұл мерекеден шет қалмады. Бейбітгүл Нұрымғожина, Гүлбану Лахаева, Сая Есенгелдинова, Гүльбахар Рыспаева, сынды танымал әншілер қонаққа келіп, өзіміздің жерлестеріміз Ілияс Шұғай мен Елдос Қалиев Ербол ақынның сөзіне жазылған әндерді орындап, поэзия мен әуеннің үйлесімін айқын көрсетті. Ән мен жыр астасқан бұл кеш көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Шара барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Амандос Сабырбаев сөз алып, ақын еңбегіне жоғары баға беріп, ел атынан ыстық ықыласын жеткізді. Көпшіліктің көз алдында жаңа кітаптың лентасы қиылып, «Туған жердің жылуы» оқырманға жол тартты. Бұл – тек кітаптың тұсаукесері емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің, рухани сабақтастықтың белгісі еді.

Кештің тағы бір ерекше тұсы – ауылдастары мен сыныптас достарының тартуы болды. Олар мәдениет үйінің алдында ақынға ат мінгізіп, қазақы дәстүрдің көркем үлгісін көрсетті. Бұл сый – құрметтің, достықтың, өткенге деген сағыныштың айқын көрінісі болды.

Мерекелік шара «Ақ Нар» мейрамханасында жалғасын тауып, 400-ге жуық адамға ақ дастархан жайылды. Мұнда да жылы лебіздер айтылып, сый-құрмет көрсетілді. Әрбір сөзде шынайылық, әрбір тілекте ізгілік байқалды.

Жоғарыда айтылған ақындардың жырынан шабыт алып осы жерде мен де Ақсудың ақыны екенімді көрсетіп, сөз кезегін алғанда өлеңдетіп:

Айтылған әрбір сөзі асыл, жақұт,
Қонған ғой Ерекеңдей ақынға құт.
Өзі аттас, өзі құрдас, өзі ақын,
Өзі дос бірге жүрген жақындасып.
Бүгінгі Ерекеңнің думанында,
Көкейдің жыр қазаны жатыр тасып.
Сен де Ербол, менің де атым
Ербол екен,
Анамыз қойғандай – ақ ақылдасып,

– деп бастап, «Ат болатын құлынды желі басынан танисың, адам болар ұлыңды жолдасынан танисың» дегендей, Ерекеңмен сонау құлын кезімізден таныс, дос екенімізді жеткіздім. Бізді таныстырған осы кеш өткен мәдениет үйінің киелі сахнасы болатын. Ол кезде он жастағы бала болсақ, бүгінде екеуміз де ер жасы елуге келіп жатырмыз. Біздің дос болғанымызға 40 жыл болыпты деп, алдын ала газетімізге жариялаған Ерекеңнің өлеңдері бар газетті қолына ұстаттым.

Ерекең де шабыттанып өлеңмен жауап беріп, үстіндегі соңғы бөлелері кигізген керемет шапанды шешіп, Ереке саған да жұғысты болсын деп менің арқама жапты.

Бұл кеш – бір ақынның ғана мерейтойы емес, тұтас бір өңірдің рухани мерекесі болды. Ербол Оразбековтың «Туған жердің жылуы» атты еңбегі – туған топырақтың қасиетін, ел мен жерге деген махаббатты жырлаған жүректің үні. Осындай тағылымды шаралар арқылы ұлттық рух жаңғырып, сөз өнерінің қадірі арта бермек.

**Ербол СЫМХАНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын.**

# АҚСУ АУДАНЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне қосуға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру

**Ұйымдастырушы:** «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық - инновациялық даму басқармасы» ММ

**Орналасқан жері:** Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат.

**Байланыс телефоны:** 8 (7282) 32-93-92, 87082704129

**Өтінімдерді қабылдау нысанасы:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу.

**Өтінімдерді беру орны:** Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр к-сі, 26, 1 қабат, 108 кабинет.

***Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2026 жылдың «1» маусым бастап 2026 жылдың «15» маусымға дейін***

**Өтінім берудің басталу күні:** 2026 жылдың «1» маусым
**Өтінім берудің аяқталу күні:** 2026 жылдың «15» маусым

***Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.***

Кәсіпкер құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

1 санат – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдер;
- зейнеткерлер және зейнеталды жастағы азаматтар (жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері – жиырма тоғыз жасқа дейін;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар – босатылғаннан кейін алпыс ай ішінде;
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды;
- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар;
- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналар және басқа да заңды өкілдер, сондай-ақ, "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;
- қандастар.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;
- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды күту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникацияны арттыру, оңалту, әлеуметтік қызметтер.бейімдеу, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша қызметтер;
- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу
- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру
- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары
- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:
- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек және өзге де қызметтер;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТжКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;
- әлеуметтік оқыту. біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;
- мәдени - ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)
- қоршаған ортаны қорғау;
- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериатриялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Конкурстық құжаттамамен Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=kk сілтеме бойынша таныса аласыз.

# ВНИМАНИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АКСУСКОГО РАЙОНА!

Объявление о приеме документов на включение индивидуальных предпринимателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства

**Организатор:** ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу».
**Местонахождение:** г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж.
**Контактный телефон:** 8 (7282) 32-93-92, 87082704129
**Предмет приема заявок:** Включение индивидуальных предпри ни мателей и юридических лиц (за исключением субъектов крупного предпринимательства) в реестр субъектов социального предпринимательства в соответствии с правилами ведения реестра субъектов социального предпринимательства, утвержденными приказом и. о. министра национальной экономики Республики Казахстан от 17 июля 2023 года №140.
**Место подачи заявок для включения в реестр:** г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра 26, 1 этаж, кабинет 108.
**Сроки подачи заявок:** с «1» июня 2026 года по «15» июня 2026 года.
**Дата начала подачи заявок:** «1» июня 2026 г.
**Дата окончания подачи заявок:** «15» июня 2026 г.
***Отмечаем, что заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.***

В реестр социального предпринимательства могут претендовать на включение предприниматели, относящиеся к следующей категории:
1 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие занятости социально уязвимых слоев населения;
- лица с инвалидностью;
- родители и иные законные представители, воспитывающие ребенка с инвалидностью;
- пенсионеры и граждане предпенсионного возраста (в течение пяти лет до наступления возраста, дающего право на пенсионные выплаты по возрасту);
- воспитанники и выпускники организаций образования для детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в возрасте от шестнадцати до двадцати трех лет;
- лица, освобожденные от отбывания наказания из учреждений уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, – в течение шестидесяти месяцев после освобождения;
- лица, отбывающие наказание в учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы и состоящие на учете в службе пробации;
- лица без определенного места жительства;
- родители и иные законные представители, относящиеся к малообеспеченным, многодетным или неполным семьям, а также многодетные матери, награжденные подвесками "Алтын алқа", "Күміс алқа" или получившие ранее звание "Мать-героиня", а также награжденные орденами "Материнская слава" I и II степени;
- лица, прошедшие медико-социальную реабилитацию наркологических больных или лечение зависимости от психоактивных веществ, – в течение двенадцати месяцев после проведения реабилитации или лечения;
- кандасы;
2 категория – Субъекты социального предпринимательства, способствующие реализации товаров, выполнению работ, предоставлению услуг социально уязвимых слоев населения из первой категории;
3 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие деятельность по производству товаров, выполнению работ, предоставлению услуг предназначенных для социально уязвимых слоев населения из первой категории в соответствии со следующими видами деятельности:
- по оказанию социально-бытовых услуг, направленных на поддержание жизнедеятельности в быту;
- по оказанию социально-медицинских услуг, направленных на поддержание и сохранение здоровья путем организации ухода, оказания содействия в проведении оздоровительных мероприятий, систематического наблюдения для выявления изменения состояния здоровья граждан;
- по оказанию социально-психологических услуг, предусматривающих оказание помощи в коррекции психологического состояния для адаптации в социальной среде;
- по оказанию социально-педагогических услуг, направленных на профилактику отклонений в поведении;
- по оказанию социально-трудовых услуг, направленных на оказание помощи в трудоустройстве и решении иных проблем, связанных с трудовой адаптацией;
- по оказанию услуг, предусматривающих повышение коммуникативного потенциала, реабилитацию и социальную адаптацию, услуг по социальному сопровождению;
- по производству и (или) реализации медицинской техники, протезно-ортопедических средств, программного обеспечения в области цифрового здравоохранения, а также технических средств, которые могут быть использованы исключительно для профилактики заболеваний, реабилитации лиц с инвалидностью, в том числе медицинской абилитации детей с инвалидностью;
- по организации отдыха и оздоровления лиц с инвалидностью и пенсионеров;
- по реализации образовательных программ дополнительного образования;
- по созданию условий для лиц с инвалидностью и маломобильных групп населения по обеспечению доступа к объектам социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры, использованию транспортных средств, оказанию универсальных услуг связи при предоставлении информации;
4 категория – Субъекты социального предпринимательства, осуществляющие работу в следующих видах деятельности:
по оказанию психолого-педагогических и иных услуг, направленных на укрепление семьи, обеспечение семейного воспитания детей и поддержку материнства и детства;
- по организации отдыха и оздоровления детей;
- по реализации общеобразовательных учебных программ дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего, общего среднего образования, образовательных программ технического и профессионального образования;
- по оказанию психолого-педагогической поддержки детям с ограниченными возможностями, медицинской и социальной помощи обучающимся и воспитанникам, испытывающим трудности в освоении учебных программ основного среднего и общего среднего образования, развитии и социальной адаптации;
- по обучению работников и добровольцев (волонтеров) социально ориентированных некоммерческих организаций, направленному на повышение качества предоставления услуг такими организациями;
- культурно-просветительская (в том числе деятельность частных музеев, театров, библиотек, архивов, школ-студий, творческих мастерских, ботанических и зоологических садов, домов культуры, домов народного творчества);
- по охране окружающей среды;
- по оказанию социально уязвимым слоям населения, гериатрической и геронтологической помощи, организации центров здоровья и долголетия, мероприятий по ведению здорового образа жизни.
С конкурсной документацией вы можете ознакомиться на сайте управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по ссылке https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial?lang=ru

## ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде,

**2026 жылдың 15 маусымынан 26 маусым** күнін қоса алғанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі 5Д, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің №6 кабинетіне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2026 жылдың 26 маусым күні 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2026 жылдың 30 маусым күні 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі №5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

**Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2026 жылғы «30 маусымға»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.**

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бониеті | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қапал ауылдық округі | 5,27 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күңгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 21,0 | Сумен қамтамасыз етілген емес | Мамандандырылған |
| 2 | Қапал ауылдық округі | 2,6 | Шабындық | Әлсіз сорлау күңгірт қара қоңыр-шалғынды және 30-50% орташа қуатты сортаңдау күңгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауырсаздақты | 38,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 3 | Қапал ауылдық округі | 1,6 | Шабындық | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара және 10-30% орташа қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауырсаздақты | 63,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 4 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күңгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күңгірт қара қоңыр топырақ,орташа саздақты,орташа қиыршық тасты | 15,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Аксуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; **с 15 июня по 26 июня 2026 года.** по адресу: (область Жетісу, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан, №5 Д,) в кабинете №6, отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: **26 июня 2026 года, в 18 часов 30 минут.**

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена

**30 июня 2026 года в 10 часов 00 минут** (область Жетысу, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан №5) в кабинете заместителя акима Аксуского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**Конкурсное предложение должно содержать:**

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: **«30 июня 2026 года»** (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26

**ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.**

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бониеті | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Қапал ауылдық округі | 3,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күңгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күңгірт қара қоңыр топырақ,орташа саздақты,орташа қиыршық тасты | 16,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 6 | Қапал ауылдық округі | 2,59 | Шабындық | Жай күңгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауырсаздақты | 54,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 7 | Қапал ауылдық округі | 6,2 | Шабындық | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара және 10-30% орташа қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауырсаздақты | 65,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 8 | Қапал ауылдық округі | 5,6 | Тәлім егістік | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, ауыыр саздақты | 59,0 | Сумен қамтамасыз етілген емес | Мамандандырылған |
| 9 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күңгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 26 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 10 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күңгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 26 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |

# ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ДАҚЫЛЫНЫҢ ЗИЯНКЕСТЕРІ



Қант қызылшасы дақылы ауданымыздың төл дақылы болып есептелінеді. Әр дақылдың өзіне тән залалын тигізетін ерекше қауіпті көп қоректі зиянкестері бар. Аса маңыздылары:

1. Күздік көбелек (озимая совка) ауданымыздың барлық жерлерінде кездеседі. Түн көбелектер тұқымдасының өкілі. Жұлдызқұрттары кеміргіштер тобына жатады. Олар өсімдіктердің жер асты және жер үсті бөліктерін (тамыр мойнын) кемиреді. күздік және жаздық дақылдардың, жүгерінің, қант қызылшасының, мақта қозасының, көкөніс, бақша және т.б. дақылдардың көгеріп шыққан өскіндерін зақымдайды. Көбелектің жайылған қанатының мөлшері 34-45 мм. Алдыңғы қанаты ашық қоңыр немесе қара түсті, көлденең үзік сызықтары және бүйрек немесе орақ тәрізді, дөңгелек, сондай-ақ, сына секілді үш дағы бар, олар жіңішке қара сызықтармен көмкерілген. Артқы қанаттары ашық түсті. Соңғы жастағы жұлдызқұрттары әдетте топырақта, 1525 см тереңдікте қыстып шығады. Көктемде қуыршаққа айналады. Қуыршақ кезеңінің ұзақтығы 2-ден 4 аптаға дейін созылады. Көктемде қуыршақтардан көбелектердің ұшып шығуы оңтүстікте сәуірдің ортасында, оңтүстік шығыста мамырдың екінші онкүндігінің басынан бастап басталады. Көбелетердің ұшуы 30-40 күнге созылады, түнде ұшады. Аналықтардың өсімталдығы 400-800 жұмыртқа. Эмбриондық дамуы 3-10 күнге созылады. Көбелектердің ең жоғары зияндылығы, жылына 2-3 ұрпақ беріп дамитынында.

1. Қызылшаның кәдімгі бізтұмсығы (Обыкновенный свекловичный долгоносик) қоңызы сұрғылт-қоңыр түсті, басы ұзын түтік тәрізді, әр қанат үстінің ортасында қисық қара сызық бар, оны жақыннан қарағанда ұшар басы ақпен боялған, артқы жағы қарамен көмкерілген бұдырмақ байқалады. Ұзындығы 12-16 мм. Қоңыздар топырақтың 10-50 см тереңдігінде қыстайды. Топырақ бетіне ерте көктемде, қызылша өскін бермей тұрып шығады. Алғашқыда қоңыздар ерте шыққан арамшөптермен қоректеніп, содан соң, қызылша егістіктеріне көшеді. Қоңыздар өскін өніп шығып, алғашқы 2-3 нағыз жапырақтары шыққанша қауіпті болып саналады. Қоректеніп болған соң, мамыр айының басында бізтұмсықтар топырақтың беткі қабатына жұмыртқа салады. Аналығы 60-100-ге дейін жұмыртқа салады. Дернәсілдері өлеңшөп пен алабұтаның тамырларымен, кейде қызылшаның тамырымен де қоректенеді.

***Күресу шаралары:***

1. Ауыспалы егіс жүйесін енгізу.
2. Танапты айналдыра жыртып, немесе арық қазып, улы препараттармен айналдыра бүрку.
3. Фитосанитарлық талапқа сай танап маңайындағы арамшөп өскіндерінен арылтып, таза ұстау.
4. Дақылды бір жерге екі жылдан артық сеппеу.
5. Сапалы тұқым сортын себу және себу жұмыстарын уақытылы жүргізу.
6. ЭЗШ (экономикалық зияндылық шегі) көрсеткішінен жоғары болған жағдайда «Қазақстан Республикасының территориясында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне» енгізілген инсектицидтермен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз.

Осы зиянкестерден басқа өрмекші кене, қызылша сабақ жегісі, қызылша бүргесі, сауытты қоңыздардың да өзіндік зияндылығы бар. Жақсы өнім алу үшін озық технологияларды пайдаланып, жоғарыда көрсетілген шаралар орындалса сіздердің сапалы өнім алуларыңызға бірден-бір жолы осы болмақ.

**Ж.ЖАҢЫЛДЫҚОВА,**
**ҚР АШМ АӨК МИК «РФДжБӘО» РММ Ақсу аудандық филиалының энтомологы.**

# АДАМ ЕКЕНІМІЗДІ ҰМЫТПАЙЫҚ!

«Өмір - өмір, деген қатал - ақ, Өмірге адам келмейді ғой қайталап» - деген өлең жолдарын еске түсірсек, осы екі сөйлемнің мағынасының қаншалықты тереңде жатқанын білуге болады. Себебі, адам дүние есігін ашқан кезде алаңсыз, ақ жүректі, пәк сезімді сәби болатынымыз белгілі. Осы өмір бірде қатал, бірде жұмсақ болып өтіп жатыр. Осындай өмірдің сан тарау жолдарын, әр адам тағдырдың маңдайына жазуы арқылы жүріп өтеміз.

Сонымен өмірге тап - таза болып келіп, елдің қамын ойлау емес, қалтасын тонау, тойымсыздың, біреудің жағасынан алсаң, біреудің етегінен тартып, жарға итеру. Өзіміз тойсақ та, көзіміз тоймайтын, ашкөзділік, айта берсен таусылмайтын жамандықтың бәрі қайдан келеді, қалай пайда болады деп ойлайды екенсің.

Менің ойымша біраз дәлелдер осындай болуға итермелейді. Айтар болсам, ең бірінші мансапқорлық, яғни, қызмет бабын пайдалану, сондай - ақ, ақшақұмарлық, өркөкіректік, байлыққа қызығушылық осындай жағдайлар адамды дұрыс жолдан тайдыруы мүмкін. Бірақ та ойлап қарасақ барлығы уақытша екенін біріміз білсек, біріміз білмейтін де шығармыз. Бақта, байлықта уақытша екені белгілі. Бақ - басқа қонған құс, олда бір күні ұшады. Байлық- қолдағы мұз, олда бір күні ериді. Мұнда қалатын адамдар арасындағы ең жақсы қасиет – адамгершілік пен сыйласымдылық. Осыларды біо сәт естен шығармауымыз керек шығар. Әрине, бес саусақ бірдей емес, барлық адамға күйе жағудан аулақпын.

Дегенменде, осындайлар ішінара кездесіп жүргені анық. Бұндай жаман қасиеттен арылғанымыз жөн шығар. Өмірдің осындай келеңсіз көріністері кездесіп жатады. Сол себепті айтуыма тура келеді. Өмірге қайта келмейтіндіктен, өмірімізде тек жақсылықтар ғана көп болып, жүрер жолымыз түзу, ішер асымыз адал болса екен деймін.

Айтамыз ғой, қамшының сабындай ғана қысқа өмір деп, сондықтан осы өмірде бірін - бірі сыйлау, ауызбіршілікті, мейірімділік пен қайырымдылықты қоса алып жүру әрбір адамның өз қолындағы жақсы қасиеттері деп білемін. Қазіргі уақытта заман ағымына қарай бәрі бар, осы барымызды бағалап, қолда барды қанағат тұтып жүрсек жақсы болар еді. Сондықтан, қандай биікте болсақ та ең бастысы бәріміз өмірде қарапайым адам екенімізді ұмытпасақ болғаны. Өміріміз мағыналы, қуанышты, ғұмырлы болғай.

**Перизат МҰХАМЕТАЛИНА,**
Көкөзек ауылы.

# Бірлігі жарасқан отбасы - елдің байлығы



Отбасы күніне орай, мектебіміздің кітапханашысы Қырқабаева Айгүл апай, біздің сыныппен бірге, «Бірлігі жарасқан отбасы-елдің байлығы» атты, сыныбымызда іс- шара өткізді. Іс- шараның мақсаты: бала, ата - ана, ұстаз болып тығыз байланыста болу болды. Сыныпта біз әке, ана, әже туралы өлеңдер оқып, Айгүл апайдың қойған сұрақтарына жауап бердік. Іс- шара өте қызықты өтті.

Соңы біздің, яғни бесінші сыныптың ұлдарының орындауындағы «Әке - ана» атты тамаша әнімен аяқталды.

**Айару МАДИЯРҚЫЗЫ,**
**Қ.Терібаев атындағы орта мектебінің**
**5 - сынып оқушысы.**

# ЖЕР УЧАСКЕСІНІҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫН ӨЗГЕРТУГЕ ШЕШІМ БЕРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Қазақстан Республикасында жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мемлекеттік қызмет болып табылады. Бұл қызмет жерді бір мақсаттан екінші мақсатқа заңды түрде ауыстыру үшін көрсетіледі. Мысалы, ауылшаруашылық жерін тұрғын үй немесе коммерциялық мақсатқа өзгертуге болады.

Қызметті аудандық немесе қалалық әкімдік көрсетеді. Өтінішті халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы немесе eGov.kz порталы арқылы беруге болады.

Қажетті құжаттарға өтініш, жерге құқық белгілейтін құжаттар және кадастрлық жоспар жатады. Қызмет нәтижесінде жердің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім немесе бас тарту жауабы беріледі.

Бұл қызмет жерді тиімді әрі заңды пайдалануға мүмкіндік береді.

**К.БАЙҒАЛИЕВА,**
**Қапал ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы.**

# "ҚҰТҚАРУ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕЙІК, ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ!" АТТЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Ағымдағы жылдың 28 мамыр күні оқушыларға құтқару ережелері мен қауіпсіздік шараларын түсіндіру, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету, қауіптің алдын алу мәдениетін қалыптастыру және өз өмірі мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Aqsy Jastary» филиалының мамандары, І.Жансүгіров ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы А.Даулеткелдіқызы және Ақсу ауданы ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау аға лейтенанты Елтаев Бекет Ерланұлының ұйымдастыруымен «Құтқару ережесін білейік, қауіптің алдын алайық!» атты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс - шара барысында қатысушыларға қауіпсіздік және құтқару ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Суға түсу кезіндегі қауіпсіздік талаптары, рұқсат етілмеген жерлерде суға түсуге болмайтыны, төтенше жағдай орын алғанда дұрыс әрекет ету жолдары айтылды. Сонымен қатар, судағы қауіптің алдын алу, алғашқы көмек көрсету тәсілдері түсіндіріліп, қатысушыларға жадынамалар мен ақпараттық парақшалар таратылды.

***Суға түсердегі қауіпсіздік шаралары.***

- Тек арнайы рұқсат етілген жерде шомылу.
- Белгі қойылмаған, терең жерлерге түспеу.
- Жалғыз суға түспеу, үлкендердің бақылауында болу.
- Жүзе білмесең, тереңге бармау.
- Су ішінде бір - бірін итермеу, батырып ойнамау.
- Көпірден, жардан суға секірмеу.
- Қатты ағыс бар жерге түспеу.
- Найзағай, дауыл кезінде суға бармау.
- Қайықта міндетті түрде құтқару кеудешесін кию.
- Суық суға бірден секірмей, баяу үйрену.
- Қоқыс тастамау, суды таза ұстау.
- Кішкентай балаларды қараусыз қалдырмау.



- Қауіп төнсе, дереу үлкендерден немесе құтқарушылардан көмек сұрау.

Іс - шара соңында қатысушыларға адам өмірінің қауіпсіздігі әрқашан басты орында болуы керектігі ескертілді. Су – тіршілік көзі. Сондықтан әр адам судағы қауіпсіздік ережелерін сақтап, өз өмірі мен айналасындағылардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы керек.

**Ақбота ҚЫЗАЙБАЙ,**
**І.Жансүгіров ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер - нұсқаушысы.**

# МЕНІ ДЕ БАЛАҢЫЗ ДЕП ЕСКЕ АЛ ЖҰРТЫМ

Ақсу аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қаламы қарымды қаламгер Тәңірберген Қалилахановтың 110 жылдығына арналған «Мені де балаңыз деп еске ал жұртым» тақырыбындағы еске алу сағаты өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – қаламгердің өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау, оның еңбектері арқылы жас ұрпаққа рухани тәрбие беру және оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру болды. Шара барысында қатысушыларға жазушының шығармашылық жолы кеңінен таныстырылып, оның әдеби мұрасының мәні мен мазмұны жан-жақты талқыланды.

Тәңірберген Қалилаханов – қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан қаламгер. Ол өз шығармаларында адамгершілік, елдік, отансүйгіштік, рухани тазалық секілді құндылықтарды арқау етіп, қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерді көркем тілмен бейнелей білген жазушы ретінде танылған. Қаламгердің еңбектері оқырманды терең ойға жетелеп, өмір шындығын көркем образдар арқылы жеткізуімен ерекшеленеді. Оның шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің қазынасын байытып, кейінгі буынға өнеге болып отыр.

Шара барысында жазушы шығармаларының мазмұны көрнекі әрі әсерлі түрде ұсынылды. Шығармаларымен таныса отырып қатысушылар қаламгер туындыларының негізгі идеяларын тереңірек түсініп, кейіпкерлер әлеміне бойлай алды. Олар өз ойларымен бөлісіп, жазушы шығармалары жайлы пікір алмасты.

Іс-шара соңында қатысушыларға әдеби мұраны оқып-үйренудің маңыздылығы айтылып, кітап оқу мәдениетін дамытуға шақыру жасалды. Мұндай тағылымды кездесулер жас буынды рухани байлыққа баулып, ұлттық әдебиетке деген құрметті арттыра түсетіні атап өтілді.

**Шынар ЗАМАНБЕК,**
**Ақсу аудандық орталық кітапханасының меңгерушісі.**


"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор - бас редактор
*ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ*

*Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г*

*Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.*
*Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.*

*Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.*

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімдік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.